

## **Бірыңғай бюджеттік сыныптамаға N 56 өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2001 жылғы 13 шілдедегі N 348 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2001 жылғы 30 шілдеде тіркелді. Тіркеу N 1597

Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсандағы N 1950 P001950\_ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2001 жылғы 26 маусымдағы N 866 P010866\_ және "Жекелеген мемлекеттік жоғарғы оқу орындарын қайта атау туралы" 2001 жылғы 29 маусымдағы N 892 P010892\_ қаулыларына сәйкес, сондай-ақ "2001 жылға арналған облыстық бюджет туралы" Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2001 жылғы 17 қаңтардағы N 9-2 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2001 жылғы 5 маусымдағы N 12-1 шешімін назарға ала отырып

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Бірыңғай бюджеттік сыныптаманы бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058\_ бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасында:

бюджеттік шығыстардың функционалдық сыныптамасында:

3 "Қоғамдық тәртіп және қауіпсіздік" функционалдық тобында 1 "Құқық қорғау қызметі" кіші функциясында 618 "Қазақстан Республикасының Қаржы полициясы агенттігі" мемлекеттік мекеме-бағдарлама әкімші бойынша 3 "Ақпараттық-есептеу қызметін көрсету" бағдарламасынан кейін мынадай мазмұндағы бағдарламамен толықтырылсын:

"30 Қаржы полициясы органдарын материалдық-техникалық қамтамасыз ету";

4 "Білім беру" функционалдық тобында 6 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі кәсіби білім" кіші функциясында 225 "Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі" мемлекеттік мекеме-бағдарлама әкімшісі бойынша 9 " Республикалық деңгейде жоғары оқу орындарында кадрлар дайындау" бағдарламасында:

33 "Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде кадрлар дайындау" кіші бағдарламасындағы "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын;

35 "Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде оқитын студенттерді стипендиямен қамтамасыз ету" кіші бағдарламасындағы "мемлекеттік"

деген сөз алынып тасталсын;

39 "Т.Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік өнер академиясы" кіші бағдарламасындағы "мемлекеттік" деген сөз "ұлттық" деген сөзбен ауыстырылсын;

40 "Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясы" кіші бағдарламасындағы "мемлекеттік" деген сөз "ұлттық" деген сөзбен ауыстырылсын;

12 "Көлік және байланыс" функционалдық тобына 1 "Автомобиль көлігі" кіші функциясына 274 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын тұрғын үй-коммуналдық, жол шаруашылығының және көліктің атқарушы органы" мемлекеттік мекеме-бағдарлама әкімшісі бойынша 50-бағдарламаның 31 "Қалалардың және басқа да елді мекендердің көшелерінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету" кіші бағдарламасынан кейін мынадай мазмұндағы 51-бағдарламамен толықтырылсын:

"51 Орал қаласы ауданында Орал өзені арқылы көпір салу үшін темір бетондық көпір конструкцияларын сатып алу".

2. Заң қызметі департаменті (Қ. Әбдіқалықов) және Мемлекеттік бюджет департаменті (Б. Сұлтанов) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

Министр

Мамандар:

Омарбекова А.Т.

Икебаева Ә.Ж.